«6D030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Ордаевой Айгул Жумабердиевнаның
«Сталкинг (ізге түсу): адамның жеке кеңістігіндегі мүліктік емес қатынастарға қол сұғу салдарынан құқықтық қорғау мәселелері» атты диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Сталкинг (ізге түсу): адамның жеке кеңістігіндегі мүліктік емес қатынастарға қол сұғу салдарынан құқықтық қорғау мәселелері талқыланып, талдау арқылы мәселелерді шешуге ұсыныстар жасалынған. Диссертациялық тақырып аясында адамның жеке кеңістігіндегі мүліктік емес қатынастарға қол сұғудың алдын алу, құқықтық реттеу, жетілдіру тетіктері зерттелген.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы адамның негізгі құқығы ретінде көптеген ұлттық және халықаралық заңнамалық актілермен қорғалады. Соған қарамастан, цифрлық технологиялардың дамуы жеке дербес деректерді және отбасы құпияларын құрайтын мәліметтерді заңсыз жинау, өңдеу қаупін арттырды. Бұл әрекеттер салдарынан адамның өміріне, дербес деректеріне қол сұғылу қаупі жиілеуде.

Қазіргі жағдайда қылмыстық зорлық-зомбылықпен күресу кез-келген елдің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Міндетті орындау түрлі жолдармен, сонымен бірге қылмыстық құқық нормаларын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Қылмыстық заңнамада психикалық зорлық-зомбылықтың кейбір түрлерін қылмыстық-құқықтық бағалаудың нақты алгоритмі жоқ, кейде оны көрсетудің кейбір түрлері мен тәсілдерін мүлдем ескерусіз қалдыратынын мойындау керек. Осындай еленбей келген психикалық зорлық-зомбылықтың бір түрі – сталкинг болып табылды. Тек 2025 жылдың 16 шілдесінде қолданыстағы ҚР Қылмыстық заңына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес адамның ізіне заңсыз түсумен байланысты іс-әрекеттер (сталкинг) жеке қылмыстық құқық бұзушылық құрамы ретінде қарастырыла бастады. Сталкинг криминализацияланғанға дейін аталған ұғым ретінде жаңалық болып табылады. Отандық қылмыстық-құқықтық доктринада сталкинг (ізге түсу) белгілері психологиялық-құқықтық категорияны анықтауға қатысты мәселелер және де адамға психологиялық әсер ету зардаптары қылмыстық-құқықтық маңызы, қылмыс құрылымындағы рөлі мен орны, мәні, т.б. анықталмаған. Бұл қазіргі психологиялық зорлық-зомбылықты жіктеудегі қиындықтар құқық қорғаушылар үшін мәселелі сұрақтар туындатуда, себебі (қоғамға қауіпті әрекеттің аяқталуын анықтау, зорлық-зомбылық мерзімін айқындау, әрекеттерін құқықтық жіктеу және т.б.) жауапсыз қалуда.

Заманауи технологиялардың дамуы жеке адамға қауіпті психологиялық әсер етудің жаңа нысандарының пайда болуына адамдар арасындағы қашықтықтан байланысқа шығуының кең таралуы, виртуальды аймақ «миграциясына» және

адамдардың өзара әрекеттесу параметрлерінің күрделенуіне әкелген себеп болады. Осындай жағдайлардың өз-өзіне қол жұмсауға «итермелеу» арқылы жасалған шабуылдардан, жыныстық ізге түсуден және қоғамға қауіпті психологиялық әсер етудің басқа да көріністерінің алдын-алу мақсатында құқықтану ғылымы қылмыстық-құқықтық қорғау мәселесін іс жүзінде жүзеге асырмауынан. Сондықтан қазіргі жағдайда қылмыстық заңнама ізге түсуді қалай түсіндіретінің зерттеу өте өзекті және маңызды. Демек, аталған фактілер мен нақты аргументтер зерттеу тақырыбының өзектілігінің жалпы аспектілерін дәлелдейді.

Зерттеу тақырыбының өзектілігін сталкер іс-әрекеттінен адамның жеке кеңістігін бұзу салдарынан туындайтын жеке мүліктік емес құқықтарды құқықтық қорғау мәселелері мен фактілер дәлелдейді.

Біріншіден, сталкинг(ізге түсу) әрекеттеріне қарсы іс-қимыл бойынша арнайы ұлттық заңнаманы жетілдіру көзделген. Сол себепті елде сталкинг(ізге түсу) іс-әрекеттеріне қарсы іс-қимыл жүйесінің толыққанды құқықтық реттеу тетіктері болмай тұр. Сондықтан да арнайы ұлттық заңнаманы қабылдау қажеттілігі бар.

Екіншіден, сталкинг(ізге түсу) әрекеттеріне ұқсас сол кибербуллинг әрекеттері бар. Демек, аталған сталкинг(ізге түсу) әрекеттеріне және кибербуллинг әрекеттеріне қарсы іс-қимыл заңнамасын қабылдау керек.

Үшіншіден, бір адамның жеке кеңістігін бұзу салдарынан туындайтын жеке мүліктік емес құқықтарды құқықтық қорғау мәселелерінен бөлек, өзге де қорғау негіздері мен тетіктері аясында кешенді сипатта зерттеу жұмыстарының жасалуы тиіс. Салыстыру арқылы зерттеу жүргізу аталған іс-әрекеттердің болашағын нақтылайды. Сонымен, келтірілген фактілердің жиынтығы зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындап береді.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қазақстан Республикасында сталкинг (ізге түсу) адамның жеке кеңістігін бұзу салдарынан туындайтын жеке мүліктік емес құқықтарды құқықтық қорғау мәселелері бойынша құқықтық реттеу жеке назарға алынып, құқықтану ғылымында сарапшылардың қызығушылығын тудырып жатса да кешенді ғылыми-теориялық деңгейдегі арнайы құқықтық реттелу жағынан толық зерделенбеген.

Жалпы бұрынғы Кеңес Одағы аумағында сталкингпен байланысты мәселелерге қатысты арнайы ғылыми зерттеулер балтық мемлекеттерінде ғана орын алған болатын. Ал қалған мемлекеттерде арнайы зерттеулер орын алған жоқ деп айтуға болады. Сондай-ақ аталған мәселелерге қатысты іргелі арнайы зерттеулер жүргізген отандық зерттеушілерді жоқ екендігін атап кетуге болады.

Ал Европа мемлекеттерінде, АҚШ-да сталкинг мәселелері 20 ғасырдың 40 жылдарынан бастап әртүрлі салалардағы ғалымдардың ғылыми ізденістерінің пәніне айналған.

Сталкинг(ізге түсу) адамның жеке кеңістігі проблемасының құқықтық сипатымен мен белгілерін түсінуге тырысқан шетелдік ғалымдармен зерттеулер жүргізілген. Ғылыми зерттеулерге елеулі үлесін қосқан зерттеушілердің арасынан үлесін қосқандар Alejandra P.P., Aizpurúa G.E., Антонян Ю.М., Гульдан В.В.,

Гаухман Л.Д., Сабанин С.Н., Козаченко И.Я., Лебедев В.М., Горинов В.В. және т.б. есімдерді ерекше атап өтуге болады.

Қылмыстық зорлық-зомбылықтың психикалық түріне зерттеу жүргізген ғалымдар Гребенкин Ф.Б., Левертова Р.А., Костров Г.К., Сердюк Л.В., Штефан Е.Ф., Рыжова О.А., Корнишина Ю. С. XX ғасырдың екінші жартысындағы еңбектер құқықтану ғылымындағы психикалық зорлық-зомбылық мәселелерін зерттеудің теориялық негізін қалады. Осы тақырыптың кейбір аспектілерін Горинов В.В., Сторублёнкова Е.Г., Самуткин В.Л., Нестерова Е.В., Никитина Е.М., Онищенко О.Р., Ратинова Н.А. және басқа ғалымдардың зерттеулерінде де көрінеді. Осы ғалымдардың зерттеулерінде сталкинг(ізге түсу) әдетте, қылмыстың жеке құрамының сипаттамасы ретінде, мәжбүрлеу немесе қорқыту нысаны ретінде және т.б. талданады.

Диссертациялық зерттеудің объектісі – сталкинг (ізге түсу) адамның жеке кеңістігін бұзу салдарынан туындайтын қауіптіліктің алдын алу және құқықтық реттеу бойынша туындайтын қоғамдық қатынастар.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу пәніне сталкинг (ізге түсу) адамның жеке кеңістігін бұзу салдарынан туындайтын жеке мүліктік емес құқықтарды құқықтық қорғау мәселелерін зерделейтін ғылыми еңбектерді, сталкингпен байланысты мәселелерді құқықтық реттеуде қолданылатын құқықтық нормалар (отандық заңнама ережелерді, халықаралық құжаттардың ережелерді, басқа мемлекеттердің заңнамаларының ережелерді), статистикалық мәліметтерде жатқызуға болады.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеу жұмысының мақсаты сталкинг (ізге түсу): адамның жеке кеңістігіндегі мүліктік емес қатынастарға қол сұғу салдарынан құқықтық қорғау мәселелерін кешенді зерттеулер арқылы тарихи-құқықтық, сталкинг детерминациялары және себептері, тәжірибелік қырларын, сондай-ақ ұлттық заңнаманы жетілдіру бойынша тиімді ғылыми қорытындылар мен құқықтық сипаттағы ұсыныстар жасау.

Диссертациялық жұмыстың мақсатына жетуді көздейтін мына төменде белгіленген міндеттерді іске асыру қажет:

1. Сталкинг (ізге түсу) құбылысының жалпы өзіндік тарихи-құқықтық қырларын анықтау;
2. Сталкинг (ізге түсу): психологиялық және құқықтық негіздерін айқындау;
3. Соттардың, адвокаттардың және жәбірленушілерге қолдау көрсету мамандарының сталкинг жәбірленушісі туралы феноменологиялық түсініктерін зерделеу;
4. Сталкинг: қылмыстық - құқықтық және криминологиялық аспектілерін зерттеу;
5. Сталкинг(ізге түсу): адамның жеке кеңістігіне қол сұғудың алдын алу бойынша заңнамалық жетілдіру мәселелерін қарастыру.

Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізі. Зерттеулер шеңберінде адамның жеке кеңістігін қорғау кезіндегі ғылыми негізделген танымның жалпы және жеке әдістерін, жіктеу, кибернитикалық аналогтарын айқындау, құқықтық

қорғауды салалық тұжырым жасау, туындаған сұрақтарды зерттеу мен талқылау, сталкинг(ізге түсу) әркеттерін тарихи-құқықтық саралау, салыстырмалы-құқықтық талдау, шетелдік зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне, ұлттық заңнама мәтініне герменевтикалық талдау мен аналитикалық тәсілдер (түсініп алу, айқындап алу, негіздеу және теріске жоққа шығару) формальды-логикалық талдау әдісі, моделдеу әдісі, жүйелі талдау әдісі, аргументациялау және өзге ғылыми әдістер мен тәсілдер де қолданылады.

Диссертациялық зерттеудің эмпирикалық базасы. Диссертациялық жұмысты жазу барысында сұрақ жауап әдісі, бақылау әдістерімен зерттеу жүргізілді. Ұлттық заңнама мен халықаралық шарттар нормаларын саралау ғана емес, сонымен бірге сталкинг (ізге түсу): адамның жеке кеңістігінедегі мүліктік емес қатынастарға қол сұғу салдарынан қорғаудың құқықтық жүйесінің тәжірибелік негіздері мен тетіктері ҚР құқық қорғау мен уәкілетті мемлекеттік органдарының статистикалық мәліметтері тиімді түрде пайдаланылды.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы. Бұл зерттеу жұмысы Қазақстан аумағында сталкингпен байланысты құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселесіне қатысты алғашқы жүргізілген арнайы ғылыми ізденіс болып табылады. Сонымен қатар зерттеудің ғылыми жаңалығы қорғауға ұсынылатын ережелермен анықталған.

Қорғауға келесі ережелері шығарылады:

1. Сталкинг(ізге түсу) негізгі белгілері ретінде мыналар болып табылады.

Бірінші негізгі белгісі – адамның жеке кеңістігіне, яғни еркін жүріп тұру құқығына қайшы, қоғамға қауіпті іс-әрекеттер мен құқық бұзушылық ниеттің (сылтаудың) болуы.

Екінші негізгі белгісі – сталкинг(ізге түсу) қолданыста ұлттық заңнамаға қарама қайшылықтың болуы.

Үшінші негізгі белгісі – сталкинг(ізге түсу) кінәлілігі дәлелденген қоғамға қауіпті іс-әрекеттерінің жүйелі түрде қайталануы.

Төртінші негізгі белгісі – сталкинг(ізге түсу) кінәлілігі дәлелденген қоғамға қауіпті іс-әрекеттерінің жазаланушылығы.

2. Сталкер – жеке өзінің нәпсілік құмарлығын қанағаттандыру мақсатында сталкерлік пиғыл мен іс-әрекеттерді жасауды көздейтін, өзіндік сталкерлік психикасы мен санасы орныққан, жекеше девианттық мінез-құлық пен жүріс-тұрысы қалыптасқан тұлға.

3. Сталкинг(ізге түсу) бірінші құрамдас бөлігін «жалпы себеп-фактор» деп атаймыз. Жалпы себеп-факторға мына факті мен жағдай жатады. Елімізде адамның жеке өмірлік кеңістігін қорғайтын ұлттық заңнама бар. Оның баптары адамның жеке өмірлік кеңістігін жалпы негізде қорғайды. Дегенмен, сталкингтік іс-әрекеттерді сипаттап беретін арнайы баптар жоқ. Сондықтан егер себеп-фактор жойылып, яғни сол баптар қабылданса, онда ол мәселе тоқтайды. Өз кезегінде осы фактор аталмыш баптардың туындауына мүмкіндік береді. Демек, бұл фактор сталкинг іс-әрекеттеріне қарсы іс-қимыл жүйесінің негіздері мен тетіктерін болдырмауға, жолын кесуге және алдын алуға құқықтық мүмкіндік жасайды.

Екінші құрамдас бөлікті «негізгі себеп-факторлар» деп атауға болады. Негізгі себеп-факторларға мына фактілер мен жағдайларды жатқызуға болады. Психопатологиялық фактілер мен жағдайлар сталкингтік іс-әрекеттерді туындап, қалыптасып, әрі қарай тікелей дамуына түрткі болады. Яғни олар негізгі себеп-факторларға жатқызылады. Өйткені сталкингтік іс-әрекеттердің негізгі қозғаушы фактісі мен жағдайы ретінде психопатологиялық түсініктер мен іс-әрекеттер болып табылады. Сталкерлік қара ниет, өзіне жағымды, ал өзгелерге жағымсыз пиғыл мен жеке сезімдерге негізделген мақсаттық ұстанымның негізгі себептерінің бірі ретінде сталкер болған тұлғаның өте жағымсыз ішкі рухани жай-күйін қысқа айта кетейік. Тоқ етерін айтар болсақ, сталкерлердің олардың нәпсілік жай-күйі, олардың арнайы себеп-фактор айқындалады.

4. Сталкинг(ізге түсу) – адамның жеке кеңістігіне, яғни еркін жүріп тұру құқықтарын заңсыз шектейтін, құқық бұзушылық сипаттағы мотив (сылтау) пен әдістер мен тәсілдер арқылы сталкердің қолданыстағы ұлттық заңнамаға қарама қайшылықты құқық бұзушылықтарының жүйелі түрде қайталануы нәтижесінде кінәлілігі дәлелденген, жазалануға жататын, қоғамға қауіпті іс-әрекеттерінің жиынтығын сипаттайтын әлеуметтік-психологиялық жағымсыз және құқыққа сыйымсыз құбылыс.

5. Диссертация тақырыбын зерттеу нәтижесі нақтырақ көрсеткендей, адамның жеке кеңістігін бұзу салдарынан туындайтын жеке мүліктік емес құқықтарды қорғау тек азаматтық-құқықтық қорғау ғана тұрғысынан емес, қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік, моралдық-психологиялық және өзге қырлары тұрғысынан қорғауды қажет етеді. Сол себепті аталмыш ғылыми-тәжірибелік тұрғыдан өзекті тақырыпты пәндік, пәнаралық және кешенді сипатта зерттелуі тиіс. Мысалы, заң жобасын әзірлеу барысында бірінші зерттеу эстафетасын филологтар мен герменевтер бастауы қажет. Екінші зерттеу эстафетасын тарихшылар мен заң ғылымы саласындағы мемлекет пен құқықтың тарихын зерттеуші жеке заңгер-ғалымдармен бірге жалғастыруы тиіс. Үшінші зерттеу эстафетасын құқық философиясы мамандары өзіндік логикалық сүзгісімен, ал енді құқықтық психологиясы мамандары құқықтық психологиялық талдаумен қолға алуы керек. Төртінші зерттеу эстафетасын жоғарыда аталған барлық мамандар мен өзге қажетті мамандар жүйелі саралау арқылы кешенді зерделеу жүргізеді.Бесінші зерттеу эстафетасын қорытынды түйінді, құқықтық диагнозды қоятын, қорытынды құқықтық шешімдерді қабылдауға ұсыныс беретін құқық салаларының мамандары аяқтайды.

Диссертациялық зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңызы. Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы, сталкинг (ізге түсу) адамның жеке кеңістігін бұзу салдарынан нақты туындайтын жеке мүліктік емес құқықтарды құқықтық қорғау мәселелері бойынша құқықтық реттеуге арналған заңнама нормаларын жетілдіруде пайдалану мүмкіншілігімен анықталады. Сонымен қатар аталған диссертация нәтижелері тиісті жоғары оқу орындары, құқық қорғау органдарының арнайы оқу орындарында «Сталкинг (ізге түсу) адамның жеке кеңістігін бұзудың алдын алу» атты оқу курсының бағдарламасын дайындау

шеңберінде пайдаланылуы мүмкін. Диссертацияның ғылыми тұжырымдары осы мәселелер төңірегіндегі өзге зерттеу жұмыстарына үлгі және негіз бола алады.

Диссертация нәтижелерінің сыннан өтуі. Диссертациялық тақырып аясындағы зерттеулер, ғылыми мақалалар, баяндамалар халықаралық журналдарда, ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы бақылау комитеті ұсынатын ғылыми басылымдарда және халықаралық ғылыми-теориялық, тәжірибелік конференцияларда 21 ғылыми мақала жарияланды.

Сондай-ақ SCOPUS және WEB OF SCIENCE деректер қорына кіретін шетелдік ғылыми басылымда 1 мақала ретінде жарияланды.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі. Жұмыстың құрлымы кіріспе, үш тараудан, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімінен құрылды. Ал диссертациялық жұмыстың көлемі 145 беттен тұрады.